

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
AL FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

«GLOBALLY INTERCONNECTED: NEW OPPORTUNITIES AND
CHALLENGES FOR SUSTAINABLE DEVELOPMENT» АТТЫ
IV ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
ғылыми және оқу-әдістемелік мақалалар
ЖИНАҒЫ

СБОРНИК
научных и учебно-методических статей
IV МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«GLOBALLY INTERCONNECTED: NEW OPPORTUNITIES AND
CHALLENGES FOR SUSTAINABLE DEVELOPMENT»

MATERIALS
of scientific and methodological articles of
IV INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND METHODOLOGICAL CONFERENCE
«GLOBALLY INTERCONNECTED: NEW OPPORTUNITIES AND
CHALLENGES FOR SUSTAINABLE DEVELOPMENT»

Алматы
«Қазақ университеті»
2023

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
жанындағы шет тілдер кафедрасы баспаға ұсынған*

Редакциялық алқа:

Джолдасбекова Б.У., Досмагамбетова Д.Ж., Мулдағалиева А.А., Елубаева П.К.,
Құлжанбекова Ғ.Қ., Тектибаева Д.Д., Тлеулинова М.Б.

Құрастырғандар:

филология ғылымдарының кандидаты, доцент *А.А. Мулдағалиева*
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент *Ғ.Қ. Құлжанбекова*
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент *П.К. Елубаева*

PhD *Д.Д. Тектибаева*
аға оқытушы *М.Б. Тлеулинова*

G 23 **«Globally Interconnected: New Opportunities and Challenges for Sustainable Development»**
атты халықаралық ғылыми және оқу-әдістемелік мақалалар жинағы. – Алматы: Қазақ
университеті, 2023. – 532 б.

ISBN 978-601-04-6280-9

Жинақ 2023 жылы 16 наурызда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің шет тілдер кафедрасында өткен «Globally Interconnected: New Opportunities and Challenges for Sustainable Development» атты халықаралық ғылыми және оқу-әдістемелік конференция материалдары негізінде дайындалды.

Жинақ білімнің әртүрлі салаларындағы магистранттардың, докторанттардың және ғалымдардың ғылыми эзирлемелері мен материалдарын ұсынады. Ол кең ауқымды мамандарға, жас ғалымдарға, магистранттар мен докторанттарға арналады.

Сборник подготовлен по материалам международной научно-методической конференции «Globally Interconnected: New Opportunities and Challenges for Sustainable Development», состоявшейся 16 марта 2023 года на кафедре иностранных языков КазНУ им. аль-Фараби.

В сборнике представлены научные разработки и материалы магистрантов, докторантов, исследователей в различных областях знаний.

Сборник предназначен для широкого круга специалистов, молодых ученых, а также магистрантов и докторантов.

Dear conference participants and guests!

I am very much pleased to greet you here today on the opening of the international conference dedicated to the theme - «Globally Interconnected: New Opportunities and Challenges for Sustainable Development»!

This conference is organized by the Department of Foreign Languages, and at the work of this conference you will discuss the issues that concern with the multidisciplinary integrations of the newest technologies and the traditional scientific aspects of dealing with them as the priority in education of the future generations of specialists. Sustainable Development is not just the trendy topic but the reality that we live with every day and as the scientific community we have to disclose the various keystones that we face with in many spheres. As an international policy agenda sustainable development goals focus our attention on the 17 main issues in many spheres that have to be developed by the year 2030. These are built on the principle of “leaving no one behind”, and this new Agenda emphasizes a holistic approach to achieving sustainable development for all.

The Sustainable Development Goals (SDGs), also known as the Global Goals, are integrated – they recognize that action in one area will affect outcomes in others, and that development must balance social, economic and environmental sustainability. The creativity, technology and financial resources from all of society is necessary to achieve these goals in every context meaning that it incorporates almost each and every person in each and every social sphere. This brings to the vision of the highest importance of universities leading role in this regards.

I wish all the conference participants to find among the variety of topics and reports those that will be interesting and useful to you. Hope that work in the sections will be productive and constructive and will lead you to the further successful scientific investigations!

Dzholdasbekova Bayan Umirbekovna,
Al-Farabi KazNU, Dean of the faculty philology,
Corresponding Member of the National Academy of Sciences
of Kazakhstan, Doctor of philology, Professor

Дорогие участники и гости конференции!

Я очень рада приветствовать вас сегодня здесь, на открытии международной конференции, посвященной теме - «Globally Interconnected: New Opportunities and Challenges for Sustainable Development»!

Эта конференция организована кафедрой иностранных языков, и в ходе ее работы вы сможете обсудить вопросы, касающиеся междисциплинарных интеграций новейших технологий и традиционных научных аспектов работы с ними как приоритетных в области образования будущих поколений специалистов. Устойчивое развитие – это не просто модная тема, но и реальность, в которой мы живем каждый день, и как научное сообщество мы должны раскрывать различные краеугольные камни, с которыми мы сталкиваемся во многих сферах. Цели устойчивого развития в качестве повестки дня международной политики фокусируют наше внимание на 17 основных вопросах во многих сферах, которые должны найти развитие к 2030 году. Они построены на принципе «никого не оставить позади», и эта новая Повестка подчеркивает целостный подход к достижению устойчивого развития для всех.

Цели в области устойчивого развития (ЦУР), также известные как Глобальные цели, являются интегрированными – они признают, что действия в одной области повлияют на результаты в других, и что развитие должно обеспечивать баланс социальной, экономической и экологической устойчивости. Творчество, технологии и финансовые ресурсы всего общества необходимы для достижения этих целей в любом контексте, а это означает, что они охватывают почти каждого человека в каждой социальной сфере. Это приводит к видению высочайшей важности и ведущей роли университетов в данном вопросе.

Желаю всем участникам конференции найти среди разнообразия тем и докладов те, которые будут вам интересны и полезны. Надеемся, что работа в секциях будет продуктивной и конструктивной и приведет Вас к дальнейшим успешным научным исследованиям!

Джолдасбекова Баян Умирбековна,
декан филологического факультета КазНУ имени аль-
Фараби, член-корреспондент НАН РК,
доктор филологических наук, профессор

I am a Sales manager of an «Oil and gas turbines production» company and I would like to introduce You with our production. Please find herewith attached a presentation and price list of our equipment. We would be very pleased to be useful for Your activity. Could You consider our proposals, we remain open for any negotiations and will be happy to give You the best prices in this region.

Looking forward to hearing from You for further mutually beneficial cooperation.

Respectfully,

Signature

Murzagulov Sultan,

Sales manager

Enclosure

И в заключение хотелось бы сказать, что роль переводчика в переводе деловой переписки очень важна. Переводчик обязан знать, как правильно и адекватно можно перевести деловой документ с русского на английский и наоборот, так, чтобы по его вине между бизнес-сторонами не было недопонимания и некорректного восприятия переводимой информации.

В наше время, несмотря на наличие современных форм связи (электронной почты, спутниковой и сотовой связи), которые, несомненно, увеличивают скорость передачи информации, ее обработки и интерпретации, роль деловой переписки, делового письма, отправляемого по почте, не снижается. В качестве документа деловое письмо и сегодня является надежным и доступным носителем информации. При этом важны также эстетический и психологический факторы, связанные с написанием и оформлением письма. Таким образом, деловая переписка – это весьма важная и перспективная часть деловой коммуникации, технической базой которой сегодня является компьютеризация всего коммуникативного процесса.

Список использованной литературы:

1. Ратников В.П. «Деловые коммуникации», 2014 г.
2. Ратников В.П. «Краткий словарь терминов деловой переписки», 2014 г.
3. Аймолдина А.А. «Социокогнитивные и коммуникативно-прагматические особенности бизнес корреспонденции» г. Астана, 2014 г.

УДК 82-8

Мурзатаева А.Т.*

АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕГІ АУДАРМА-НӘЗИРА ӘДЕБИЕТТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Зерттеуде Алтын Орда дәуіріндегі аударма-нәзира әдебиеттің ерекшеліктері қарастырылған. Соның ішінде осы аударма-нәзира әдебиетін зерттеуге зор үлес қосқан ғалымдар жайлы, олардың еңбектері жайлы сөз етіледі. Зерттеуде теориялық талдау, ақпаратты жинақтау әдістері қолданылады. Олардың тәжірибеде қолданылуы көрсетіледі. Зерттеудің негізгі мақсаттарының бірі – Алтын Орда дәуіріндегі назира әдісінің қандай шығармаларда қолданылғаны жайлы және бұл қолданыс жайлы әртүрлі пікірлер сараланады.

Кілт сөздер: Алтын Орда, қисса-дастан, түркі әдебиеті, назира, зерттеу.

Аннотация. В исследовании рассмотрены особенности переводческой литературы эпохи Золотой Орды – назира. В частности, речь пойдет об этих ученых, внесших большой вклад в изучение литературы назирь. В исследовании используются методы теоретического анализа, обобщения информации. Показано их применение на практике. Одна из основных целей исследования заключается в том, что разные мнения о том, в каких произведениях использовался метод назирь эпохи Золотой Орды, и о его использовании.

* ҚазҰУ филология факультетінің қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының 2-курс докторанты, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: aigera1983@mail.ru.

Ключевые слова: Алтын Орда, Кисса-дастан, түркская литература, Назира, исследование.

Annotation. The study examines the features of the translation literature of the Golden Horde – Nazira. In particular, we will talk about these scientists who have made a great contribution to the study of Nazira's literature. The research uses methods of theoretical analysis, generalization of information. Their application in practice is shown. One of the main goals of the study is that there are different opinions about which works used the Nazira method of the Golden Horde era, and about its use.

Keywords: Altyn Orda, Kissa-dastan, Turkic literature, Nazira, research.

Түркі әдебиеті тарихындағы ерекше назар аударатын мәселелердің бірі – Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет болды. «Алтын Орда дәуіріндегі түркі әдебиетінің» жекелеген ескерткіштері «Ертедегі әдебиет нұсқаларында» (1967), Б.Кенжебаевтың «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» кітабында (1974), Х.Сүйіншәлиевтің «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» (1969), «Ғасырлар поэзиясы» (1987) зерттеулерінде аталған болатын. Осы кезеңнің аты әйгілі туындысы Хорезмидің «Махаббатнамасы» қазақша аударылып басылған (Махаббатнама». Аударған А.Қыраубаева. А., 1985; «Оғыз наме», «Махаббат наме». А., 1986. Аударған Ә.Дербісәлин, М.Жармұхаметов, Ө.Күмісбаев). Тілші ғалымдар Ә.Құрышжанов, А.Ибатов, Ғ.Айдаров, М.Томанов еңбектерінде Алтын Орда дәуірінің ескерткіштерінің тілі зерттелген болатын. М.Жолдасбеков, М.Мағауин еңбектерінде Алтын Орда дәуірі аса жоғары баға алған болатын. Бұл дәуірде тек Қараханид кезеңіндегідей дидактикалық сипаттағы шығармалар ғана емес, сонымен қатар әдеби мұралардың көпші-лігі поэзия тілімен жазылды.

Алтын Орда дәуірінде дамыған бағыттардың бірі – нәзира дәстүрі болды. Қазақ әдебиетіндегі нәзира дәстүрі ұлттық әдебиеттің дамуына орасан зор ықпал етті, ол онда өшпес із қалдырды. Нәзираның қайнар көзі бүкіл әлемге әйгілі түрік шеберлері Құл Ғали, Құтыб, Саиф Сараи, Низами Ганжеви, Әмір Құсрау Дехлеви, Әлішер Науаи, Физули есімдерінен бастау алады.

Қазақ әдебиетіндегі нәзира дәстүрімен байланысты зерттеулер жүргізген Немат Келімбетов осы мәселе жайлы арнайы зерттеу жүргізу қажеттігі жайлы айта келе былай дейді: "Қазақ көркем сөзінде шығыс әдебиетінің әсерімен пайда болған нәзира дәстүрі осы күнге дейін ешқашан да жеке зерттеу нысанына айналмаған еді. Қазақ әдебиетінің негіздері Шығыстың классикалық поэзиясынан бастау алатыны бізге мәлім. Шығыстың классикалық поэзиясы көп ғасырлық тарихы бар нәзира дәстүрі арқылы қазақ әдебиетін тақырып, мазмұн, түр, көркем құралдар, стиль және тілдік мүмкіншіліктермен байытты". Сонымен қатар, нәзираның қалыптасу кезеңдері, даму жолдары мен қайнар көздері қазіргі таңға дейін зерттелмеді" [1, 203].

Шығыстық қисса-дастандардың көтерген ең басты идеясы – адамға тән абзал, асқақ қасиеттерді қастерлеу, мойындау. Түркі әдебиетіндегі осы қисса-дастан жанры шығыс жерінде кең таралған нәзира дәстүрімен тікелей байланысты. Нәзира дәстүрі туралы Е.А. Бертельс, А.А. Стариков, Н.Х. Хатамов, А. Афсахзов т.б. бірқатар шығыстанушы ғалымдар өз ойларын алдыға салған. Олардың әрқайсысы «нәзира» терминіне әр түрлі атау бергенімен, солардың барлығы да «нәзира» сөзі «жауап» деген мағына беретінін ерекше атап өтеді. Нәзира дәстүрімен жазылған шығармаларды зерттеу барысына, әсіресе Түркия елінің Н. Банарлы, А. Инан, Ф. Көпрулузаде, А. Рефик сияқты ғалымдары да зор үлес қосты. Орта ғасырдағы қисса-дастандар діни, ғашықтық, батырлық т.б. тақырыптардағы дастан-дардың жазылуына себеп болды. XIII-XIV ғасырдағы түркі әдебиетінде қиссаның тамаша үлгілері ретінде Әлидің «Қисса Жүсібі», Хұсам Кәтибтің «Жұмжұмасы», Құтыбтың «Хұс-рау Шырыны», Сайф Сараидің «Гүлстаны», Рабғұзидің қиссалары пайда болды. Бұл шығармалар көне қыпшақ тілінде жазылған [2]. Сондай-ақ Ф.С.Нуриеваның «Алтын Орданың әдеби тілі: Нормалар мен вариациялар» атты егжей-тегжейлі зерттеуінде Алтын Орда әдеби тілінің көп ғасырлық жалпытүркілік әдеби дәстүр негізінде қалыптасқанын және оның қыпшақ тектес аймақтық тілдік ерекшеліктерін бойына сіңіргенін көрсетеді [3]. Алтын Орда дәуірі әдебиеті – екі арнадан сусындады: көне түркі һәм шығыс мұсылман әдебиеті. Қарахандықтар билігі тұсында өмір сүрген Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ахмет

Жүйнеки, Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани секілді ақындардың көркем ойларын Жошы ұлысында өмір сүрген түркі ақындары одан әрі дамытты. Сондай-ақ олар Сағди, Фердауси, Ғазали, Аттар, Руми, Низамилер секілді парсы әдебиеті өкілдерінің шығармаларымен де танысты. Кейбірінің туындыларын түркі әдеби тіліне аударды. Тіпті Шейх Сағдидың шығармалары сарайда кеңінен танымал болғаны соншалық, оның жыр шумақтары Алтын Орда астанасының кейбір ғимараттарының қабырғаларына жазылған еді. Нәзира дәстүрі араб тілінде үрдіс кейпінде тарап, кейіннен парсы әдебиетінде қайта жаңғырды. Орта ғасыр-дағы қисса-дастандар діни, ғашықтық, батырлық т.б. тақырыптардағы дастандардың жазы-луына ықпалын тигізді. Нәзираның бойына тән белгінің бірі – жеңілдету. Бүгінгі теорияның талабына салғанда, оңайлату жағымсыз жайға жатады. Автордың еркіне қол сұғылады, түпнұсқа қайта пайымдалады, сюжет, композиция өзгертіледі, стилистикалық құрылым жаңарады, т.б. Қазақ даласына тараған нәзиралық шығармаларға да осы белгілер тән. Ол кездегі басты мақсат бүгінгі тілмен айтқанда интеллектуалдық элитаның аз тобына лайықталған таза тәржіме жасаудан гөрі әлем әдебиетінің тың бояуларын, терең ойларын қалың бұқараға жеткізу еді. Бұл тұрғыдан нәзира дәстүрі өзінің тарихи уәзипасын орындады деп айта аламыз. Нәзира дәстүрі жөнінде М. Әуезов кезінде мынандай анықтама айтқан болатын: «Көпке мәлім болған тарихи шындықтар бойынша, шығыста бір классик жырлаған тақырыпты келесі буында, тағы бір шығыс ақыны қайталап, әңгіме ететін, тың дастандар шығаратын дәстүр бар еді... Олар біреуінің тақырыбын біреуі алуды заңды жол еткен. Тек алдыңғының өлеңін алмай және көбінше алдыңғы айтқан оқиғаларды негізінде пайдаланса да, көп жерде өз еркімен өзгертіп отырып, тыңнан жырлап шығатыны болады. Бұлайша, әр тақырыптың әр ақында қайталануы еш уақытта аударма деп танылуы керек емес. Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті бір салт еді. Шығыс поэзиясы бұл салтты заңды деп біліп, осы дәуірде «Нәзира», «Нәзирагөйлік» деп атау да берген» [4]. А.Қыраубайқызы Алтын Орда дәуіріндегі көркем әдебиеттің екі түрін атап көрсетіп, біріншісі аударма-нәзиралық шығармаларға «Хұсрау Шырын», «Гүлстан», «Қисас-үл әнбия», «Нахжүл Фарадис», «Қисса Жүсіп», «Жұмжұма» кітабын жатқызса, екіншісі – тың тума әдебиет үлгісі деп «Мухаббат-наманы» атайды [5, 97]. Аталған дастандарды нәзира дәстүрімен біраз ақындар өз мәнерімен жырлап өткен. Назира түркі халықтарының рухани әлемдерін, дәуірлері мен өркениеттерін, мәдениеттері мен дәстүрлерін, әдебиеттері мен өнерлерін байланыстырады. Назира дәстүрі – ілгері өткен әдебиетшілердің сан алуан сюжеттері мен мотивтерін, поэтикалық дәстүрлері мен әдістерін, көркем бейнелері мен пішіндерін, стильдері мен жанрларын, шығыстың мифтері мен фольклорын шеберлікпен пайдаланып, жазушылық өнерін паш етуге септігін тигізетін дәстүр. Назира – көркемсөз өнері. Бұл өнердің өзге өнерлерден даралығы, көркем сөз шеберлігін одан әрі ұштай түсіп, өнер дәрежесіне көтеруінде.

Осы нәзира тәсілімен тәржімаланған шығармалардың ішінде Сайф Сараидың "Гүлстан би-т-түрки" шығармасына келетін болсақ, «Гүлстан би-т-түрки» кітабы Голандиядағы Лейден университетінің кітапханасында сақталған. Ол туралы бірінші болып Голандия ғалымы Р.Дози (1820-1883) 1881 жылы баяндап, кітап парсы ақыны Сағдидің «Гулистан» атты шығармасының түркі тіліндегі аудармасы екендігін хабарлады. Р.Дозидің еңбегінен соң «Гүлстан би-т-түрки» шығармасы жайында М.Хаутсма, Тюри Иозэф өз кітаптарында қысқаша айтып өтті.

Қыпшақ ақынының аудармасы туралы түрік ғалымдары Фаридүн Үзілік, Фуат Көпрүлү-заде, А.Баттал-Таймас, Ф. Караманлыоглы бірнеше зерттеулер жазды. Бұл туынды туралы татар, қазақ, өзбек, башқұрт ғалымдары өз зерттеулерінде қарастырды. Ә.Нәжіп, Х.Миннегулов, Х.Госман, Р.Исламов, Н.Давронов, Э.Фазылов, Э.Ишбердин, И.Галауетдинов, Г.Хусайынов сарайлық ақынның шығармасын зерттесе, қазақ ғалымдары Б.Кенжебаев, А.Қырубаева, Х.Сүйіншәлиев, Н.Келімбетов, Ә.Дербісәлиев өз еңбектерінде Сараидың назиралық аудармасы жөніндегі пікірлерін жазды.

Сайф Сараи өзінің шығармасын 793-1391 жылы аяқтап мысырдағы әмір қызметін атқарушы Бәтхас (кейбір деректерде Тейхас) деген бекке арнайды.

Парсы халқының классигі Сағди Ширазидің «Гүлстанын» ең алғаш түркі халықтарының тілінде сөйлеткен қыпшақ ақыны Сайф Сараи еді. Ол бұл шығарманы ортағасырлық дәстүрге сай нәзіралық жолмен тәржімалайды. Ақын «Гулистанды» аударып қана қоймай, сонымен қатар, «Гүлстан би-т-түрки» ішіне өзінің төл шығармаларын да енгізіп, Сағди Ширазидің айтар ойын жаңаша жырлап шыққан. Мәселен, Мысыр әмірі Бәтхас (Тейхас) бекті мақтаған және кітаптың құндылығы туралы жазылған бәйіттер қыпшақ ақынның өз қаламынан туындаған. Мұндай өлең жолдары шығарма арасында ұшырасып, кітап соңында жиі кездеседі.

Қыпшақ ақыны Сағдидің еңбегін нәзіралық жолмен аударғандықтан, парсы шайырының шығармасын толық аудару керек деп есептелмейді. Сайф Сараи аудармада ойдың негізгі мағынасына көңіл бөліп, тәржімалап, түсіндіру барысында кейбір хикаяттарды қысқартып, кейбіріне өз жанынан жыр қосып, түркі ұғымына сай жазып шығады. Парсыша және түрікше «Гүлстандағы» хикаяттардың саны бірдей болмау себептері осы. Мәселен, I-VII баптағы хикаяттар саны парсыша 182 болса, түркі тіліндегі аудармасына 178 ғана енген. Қалғаны қысқартылған. Ал, мақал-мәтелдерден, қанатты сөздерден, дидактикалық мысалдар мен нақылдардан, хикметтер мен насихаттардан тұратын VIII баптың түгелге жуығы тәржімаланған. Мұнда ақын шығарманың құрылысы мен тақырыптың әртүрлілігіне байланысты аударманы толық беруге тырысқан.

Қорыта айтсақ, Алтын Орда тұсында жазылған шығармалар мазмұндарының тереңдігімен, тақырыптарының алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Сол дәуірдегі әдебиетке зер сала қарағанда, шығармалардың идея-эстетикалық құндылығы мен поэтикалық дәрежесі жағынан өз дәуірінің алдыңғы қатарлы жазба мұралары ретінде танылғанына көз жеткі-земіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қыраубаева А. Түрік әдебиетіндегі оянушылық және нәзира дәстүрінің тууы // Классикалық зерттеулер. – Алматы, 2012. – Т. 6.
2. Жанұзакова Қ.Т., Үсеева Б. Алтын Орда дәуірі әдебиетіндегі кисса-дастандар және «Хұсрау Шырын» дастаны. ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, [S.1], v. 158, n. 6, мау 2016. ISSN 2618-0782.
3. Нуриева Ф.С. «Алтын Орданың әдеби тілі: Нормалар мен вариациялар» Life Science Journal журналы 2014;11(10):713-717] (ISSN:1097-8135). <http://www.lifesciencesite.com>
4. Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. (Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиеті бастаулары). Зерттеу. – Астана, Елорда, 2000. – 288 б.
5. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы.- Алматы: Мектеп, 1988.

UDC 246.325

Nakiskhozhayeva A.E.*

Orazbayeva A.S.**

MASSIVE OPEN ONLINE COURSES IN HIGHER EDUCATION

Аннотация: Соңғы уақытта экономикалық дамыған елдерде интернет-технологияларды қолданудың артуы осы технологиялардың әлеуметтік бейімделуіне өзгерістер әкелді. Жаппай ашық онлайн курстары (MOOCs) онлайн оқытудың күрделі процесін жеңілдетеді. Дегенмен, процеске негізделген және мазмұнға негізделген тәсілдер арасындағы алшақтықпен қолданыстағы MOOC сапасы мен педагогикасына қатысты алаңдаушылық бар. Онлайн курстардың оқу мүмкіндіктерін арттыруға әлеуеті бар екені мойындалғанымен, MOOC жоғары білім беру жүйесіне, әсіресе оларды перспективалы деп санайтын университеттер үшін инте-грациялануы керек пе деген сұрақ әлі де пікірталас мәселесі болып табылады. MOOC жоғары оқу орындарына ашық білім беру элементтерін енгізе алады және бұл мақалада MOOC ресурстық курстарының сипаттамасы туралы айтылады.

* 1-year of studies masters candidate, department of computer science studies, faculty of informational technology, KazNU named after al-Farabi, Almaty, Kazakhstan e-mail: aruun.nks@gmail.com

** MA, senior lecturer, Kazakh National University by al-Farabi